

«Шапағат» балалар үйіндегі қайырымдылық іс-шара

Кешенді жоспар бойынша 2022 жылдың маусым айында, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық» университеті, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі Қ.С. Қалыбекова және кафедраның профессор-оқытушылар құрамы: Н.Т. Нығметова, Ш.А. Жетпісбай, А.Б. Аширбекова, Ғ.М. Абилкасов, М.А. Хасен, Т.Х. Абдыкадырова, Н.А. Конурова, Г.С. Байпелова кураторлық Лог-21-1 тобының студенттерімен Қарағанды қаласындағы «Шапағат» балалар үйінде болып, қайырымдылық іс-шараларын жасады. Іс-шараның мақсаты: Тағдырдың жазуымен ата-анасыз балалар үйінің табалдырығынан аттап, қадам басқан бүлдіршіндер өмірдің бар ауыртпалығын сәби шағынан сезініп өседі. Әрине, балалар үйінде мемлекеттің қамқорлығында болары сөзсіз. Тағдырлары бөлек болғанымен, сәби жүректері «Мен де осы елдің азаматы болуға лайықпын, тек жолын нұсқасаңыздар болды» деп тұрғандай.

